ӘӨЖ 336.71 **Қолжазба құқығында**

БАЗБИЕВА АРАЙ АМАНБЕКОВНА

Мұсылман елдерінің әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы исламдық банктер

6N0508 – «Есеп жене аудит»

мамандығы бойынша экономика ғылымдарының
магистрі академиялық дәрежесін ізденуге арналған
магистрлік жұмыстың
Рефераты

Қазақстан Республикасы
Өскемен 2010

Жұмыс Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінде (Өскемен қаласы) орындалды.

Ғылыми жетекшісі:
экономика ғылымдарының доценті Какимжанов З.Р.

Ресми оппоненті:
экономика ғылымдарының кандитаты Демесинов Т.Ж.

Қорғау 2010 жылы « 23 » маусымда сағат 9-00 ШҚМТУ-нің 6N0508 «Есеп және аудит» мамандығы бойынша мемлекеттік аттестациялау комиссия отырысында өткізіледі,

Мекен-жайы: 070004, Өскемен қ., Серікбаев көшесі 19, ШҚМТУ, ауд. Г3-215.

Магистрлік жұмыспен ШҚМТУ ғылыми кітапханасында танысуға болады.

Реферат 2010 жылы « 22 » мамырда таратылды.

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Соңғы кездерде қазақстандық ақпарат көздерінде, банктік, академиялық және тіпті үкіметтік дөңгелек үстелдерде белсенді түрде ислам банкингі тақырыбы талдануда.

Аяққы он жылдықта «исламдық банк» түсінігі көптеген дамыған елдердің қаржыгерлерінің лексикасында мықтап бекітілді. Мұсылмандық елдерде қызмет ететін бұл қаржылық институттар біртіндеп дәстүрлі қаржылық жүйелерде үлкен рөл ойнай бастады. Ал, Ұлыбритания және АҚШ сияқты елдерде исламды насихаттап, дәстүрлі банктердің қызметтерін пайдаланудан бас тартқан тұлғалар көп есе өсті. Сондықтан исламдық қаржылық институттарды зерттеу әлемдік экономикалық әдебиетте өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Сондай-ақ, біздің елдің және шетелдердің экономистері үшін тәжірибелік қызығушылық байқатуда.

Инвестициялық ресурстарды қарастыру жағдайында ислам әлемі Қазақстан Республикасы үшін қызығушылық тудырмауы мүмкін емес. Себебі соңғы онжылдықта мұнайдолларларының ағымы нәтижесінде бұл аймақ әлемдік нарыққа капитал жеткізуші ең ірі көздердің бірі болып отыр. Ислам банк ісін зерттеу ислам елдеріндегі банк жүйесі қызметінің мәні мен исламдық капиталмен өзара қарым-қатынас табудың мүмкін жолдарын түсінуге қажетті. Қазіргі уақытта диссертация тақырыбы мұндай қаржы институттарының Қазақстан аумағында да пайда болуымен тікелей өзекті.

Берілген жұмыс мақсаты – ислам қаржы жүйесінің қызмет етуінің негізгі қағидаларына, сондай-ақ ислам қаржылық институттарының дәстүрлі қаржылық нарықтарда пайда болу нәтижелеріне сипаттама беру. Алдағы уақытта сәйкес қаржылық институттар Қазақстанда да пайда болады деп күтілуде. Сол себепті отандық банктер, қаржылық емес кәсіпорындар, мемлекеттік билік органдары және халық мұндай экономикалық дамуға дайын болулары қажет, сонымен қатар бұл тенденцияның мемлекет экономикасына әсерін түсіне білгендері жөн.

Осыдан келіп зерттеу жұмысының **негізгі міндеттері** де шығады:

- исламдық банк ісінің пайда болуы мен қызмет етуінің негізгі қағидаларын қарастыру;
- ислам қаржы жүйесінің құрылымы, құралдары, тәуекелдері, исламдық банктерді реттеу сияқты негізгі теориялық аспектілерге сипаттама беру;
- негізгі ислам банк өнімдері мен ислам қаржы индустриясының әлем бойынша таралу масштабтарын талдау;
- исламдық қаржылық инстиуттардың дәстүрлі қаржылық нарықтарға енуде кездесетін негізгі мәселелерін ашып көрсету;
- исламдық банктердің дәстүрлі нарыққа шығудан бұрын жүзеге асырылуы тиіс негізгі алғышарттарын көрсету;
- исламдық қаржылық сектордың дамуының негізгі деңгейлерін анықтау;
- исламдық банктердің қалыпты қызмет етуі үшін қажетті инфрақұрылымды құру мәселелерін қарастыру.

Зерттеу пәні ислам банк ісінің мұсылман елдерінің әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы рөлі, Қазақстандағы қолданылу ерекшелігі және оның болашақ дамуы болып табылады.

Зерттеу объектісі ислам банк ісінің негізгі теориялық аспектілері, оның әлем елдері бойынша таралу масштабтары және ислам қаржы институттарын енгізудің негізгі мәселелері болып табылады.

Теориялық және әдістемелік негізі. Зерттеу жұмысының теориялық және әдістемелік негізін, біріншіден, тәжірибелік және ғылыми құндылығы бар бизнестің исламдық этикасы мен жалпы ислам қаржы жүйесі бойынша шығыс экономистерінің зерттеулері, сондай-ақ ислам банк әсә бойынша батыс ғалымдарының да еңбектері құрады. Жұмыс тақырыбы исламдық банк ісі дамуының жалпы мәселелерімен, исламдық банктердің дәстүрлі банктермен бәсекелестігі жағдайында пайда болатын қиындықтармен байланысты болғандықтан, исламдық және дәстүрлі банктердің салыстырмалы талдауы және серіктестігі мәселелерін қарастыруда осы саладағы жалпы қабылданған теориялық және тәжірибеде тексерілген зерттеулер пайдаланылған.

Ғылыми жаңалығы. 2007 ж. соңында әлемдік экономиканы қаржы жүйесінің дәстүрлі үлгісінің кемшіліктерін көрсеткен қаржылық дағдарыс жаулап алды. Бұл үлгінің кемшіліктерінің бірі негізсіз үдемелі өсуші пайыз алу болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта елімізде дәстүрлі қаржы жүйесіне балама болып табылатын, нақты өндіріс үрдісімен байланысты және нақты активтермен қамтамасыз етілген тиімді қаржы жүйесін, яғни қаржыландырудың исламдық үлгісін дамыту экономиканы диверсификациялауға, тәуекелдерді төмендетуге және мемлекеттің қаржы жүйесінің тұрақтылығын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының теориялық және тәжірибелік мәні. Жұмыстың тәжірибелік маңызы оның ережелерін, қорытындылары мен ұсыныстарын талдамалық материалдар мен тәжірибелік іс-шараларды дайындауда әлдеқайда толығырақ қамтамасыз ету мүмкіндігімен анықталады.

Исламдық банктер қызметінің кейбір аспектілерімен танысу олардың жұмысының негізгі қағидалары мен бағыттарын түсінуге және бұл банктермен серіктестік немесе Қазақстан аумағында осындай банктер құру мүмкіндіктерін анықтауға септігін тигізер.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдамалар:

- Өз қаражаттарын дәстүрлі банктерге тапсыруға дайын емес мұсылман халқы көп және дәстүрлі банк қызметтерін пайдаланбайтын кәсіпкер-мұсылмандар саны айтарлықтай баршылық мемлекеттерде ислам қаржылық институттарының дамуы қаржылық нарықтың тиімділігін жоғарылатуға және оның дамуын тездетуге мүмкіндік береді.
- Ислам банктерінің АҚШ пен Батыс Еуропада дамуы ерте немесе кеш сәйкес қаржылық институттардың біздің елде де пайда болатынын топшылауға мүмкіндік туғызады.
- Қазіргі уақытта исламдық қаржылық институттар әлемдік қаржылық жүйеде үлкен рөл ойнай бастады. Сонымен бірге, дәстүрлі исламдық қаржылық өнімдер кәдімгі банктермен де ұсыныла алатындай бейімделуі мүмкін.

- Оған қарамастан, көп жағдайларда, исламдық банктердің дәстүрлі банктік нарықтарға шығуы банктердің өздерінің бейімделуімен және банктік қызметті заңдық реттеумен байланысты белгілі бір қиындықтармен бірге жүреді.

- Ислам қаржылық институттарының арықарайғы даму деңгейі бойынша ақша – несиелік реттеу мен қадағалау органдары алдында берілген ұйымдардың мемлекеттің қаржы жүйесіне интеграциясы міндеті туады. Жалпы алғанда қаржылық жүйенің даму тұрақтылығын қамтамасыз етуде сай заңнамалық базаны қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге исламдық қаржылық ұйымдардың қаржыландырылуы үшін қажет сәйкес банктік инфрақұрылымды қамтамасыз ету қажет. Жоғарыда айтылғанның барлығы қаржылық жүйенің исламдандырылуы қажеттілігін білдірмейтіндігін атап өткен жөн. Бірақ исламдық қаржылық институттардың қаржылық жүйенің статистикалық маңызды бөлігі болу көлеміне қарай олардың дамуын реттеу мен тұрақтылығын қолдау қаржылық реттеушілердің міндетті мақсаты болып табылады.

Жұмыс сынамасы (апробациясы) және оның нәтижелерін енгізу. Магистрлық жұмыстың негізгі жағдайы студенттер, магистранттар, аспиранттар мен жас оқытушылардың IX Республикалық ғылыми-техникалық конференциясында (ШҚМТУ, 2010 ж. сәуір) талқыланды.

Жұмыстың талқылануы. Орындаған зерттеу нәтижелері бойынша ШҚМТУ Хабаршысында мақалалар жарияланған.

Жұмыс көлемі мен құрылымы. Магистрлік жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан құрылған. Зерттеу жұмысым компьютерлік мәтіннің 78 бетінде баяндалған және өзіне 8 кесте мен 16 суретті кіріктіреді.

Негізгі бөлім

Магистрлық жұмыстың бірінші бөлімінде исламдық банк ісінің пайда болуы мен дамуы және оның негізгі теориялық аспектілері қарастырылған:

«Исламдық қаржылық жүйе» термині 80-ші жылдардың ортасында пайда болды. Ислам қаржылық жүйесі көбінесе пайыз алуды қарастырмайтын қаржылық жүйе ретінде сипатталады. Бірақ исламдық қаржылардың қағидалары әлдеқайда кең мағынаға ие.

Пайыз мөлшерлемесіне тыйым салу. Исламдық қаржы жүйесінде «риба»-ға тыйым салынған. Бұл түсінік астарында қарыз беруде немесе сауда операциясы кезіндегі қандай да бір негізсіз капитал өсімі жатыр. Басқаша айтқанда, қарыз мерзімі мен көлеміне тәуелді және инвестиция сәттілігіне тәуелсіз кез-келген алдын-ала белгіленген мөлшерлеме риба деп аталады және оған тыйым салынады.

Мұндай тыйым салу әлеуметтік әділеттілік, теңдік және меншік құқығы туралы түсініктермен ақталады. Ислам табыс алуды құптайды, бірақ пайда табу мақсатында пайыз қолдануға тыйым салады, себебі мұндай қызмет өнім жасауға әкелмейді және қоғамның әл-ауқатын арттырмайды. Әлеуметтік әділеттілік, қарыз алушылар мен несиегерлердің пайда мен шығынды тепе-

теңдік жағдайларда бөлісуін және экономикадағы жинақтау мен байлық құру процесі экономикалық агенттердің экономика дамуына салған нақты салымын көрсетуін талап етеді.

Тәуекелді бөлу. Пайыз алуға тыйым салынғандықтан, ақша қаражаттарын қарызға ұсынатындар несиегерлер емес, енді инвесторлар болып табылады. Сондықтан қаржылық капитал иесі және кәсіпкер пайданы бөлісу үшін, тәуекелді де бөліседі.

Ақша – «әлеуетті» капитал ретінде. Ақша «әлеуетті» капитал ретінде қарастырылады, яғни ақша тек өндірістік қызметке салынғанда ғана нақты капитал бола алады.

Спекулятивті мінез-құлыққа тыйым салу, «мейсир». Ислам қаржы жүйесінде ақша қаражатын жинақтауды қолдамайды, сонымен қатар үлкен анықсыздықпен сипатталатын қызметке де (мысалы, құмар ойындар) тыйым салынады. Ислам қаржы жүйесінде «мейсир» түсінігінің болуымен байланысты, қосымша қаржы құралдарының таралуы шектен тыс қиындық туғызады. Себебі олармен жүргізілетін операцияларға елеулі тәуекел тән.

Шарттың бұзылмауы. Ислам шарт міндеттемелерінің келісім жақтарының маңызды міндеті ретінде орындалуын насихаттайды. Мұндай талаптар ақпарат ассимметриясымен және мораль тәуекелімен байланысты тәуекелдерді азайтуға бағытталған. Одан басқа, ислам келісімшарттың әлдеқайда ақпараттандырылған жағымен біржақты басымдықтарға ие болуын қолдамайды. Осыған байланысты «гарар»-ға - әдейі тәуекелге бару – тыйым салынады. Жалпы, «гарар» түсінігіне кез-келген спекулятивті операция жатады.

Ислам қаржы жүйесінің құрылымы

Ислам қаржы жүйесіне келесідей институттар кіреді.

1 Исламдық банктер – депозиттерді қабылдайтын және жинақталған қаражаттардың инвестициялануын жүзеге асыратын қаржылық институттар. Бұл топқа бүтін исламдық банктер, сондай-ақ көмекші банктік бөлімшелер немесе кәдімгі банктердің исламдық «терезелері» де жататынын атап өтейік.

2 Банк болып табылмайтын исламдық қаржылық институттар. Оларға исламдық лизингтік және факторингтік компаниялар, қаржылық компаниялар, тұрғын үй-құрылыс кооперативтері, микроқаржылық институттар, жеке инвестициялық және венчурлы қорлар, сондай-ақ діни әдет-ғұрыпты жүзеге асырумен және қайырымдылық жасаумен байланысты институттар жатады.

3 Исламдық сақтандыру (такафул).

4 Исламдық нарық капиталы және оның қатысушылары: брокерлік кеңселер, инвестициялық банктер және т.б.

5 Исламдық қаржылық инфрақұрылымға кіреді:

- төлем жүйесі;
- скрининг тік жүйелер, сауда және клиринг тік жүйелер, интернет-бизнес инфрақұрылымы;
- экономикалық қауіпсіздік пен өтімділікті қамтамасыз ететін ұйымдар;
- реттеушілік органдар;
- қаржылық есептілік стандарттарының сақталуын бақылайтын ұйымдар;

- рейтингтік агенттіктер;
- статистикалық ақпаратты ұсынатын ұйымдар;
- білім мекемелері;
- ғылыми – зерттеушілік ұйымдары.

Енді, исламдық банктердің өз қызметінде пайдаланатын негізгі қаржылық құралдарды қарастырайық.

Исламдық банктермен жасалатын келісімшарттар келісім жүргізумен байланысты транзакциялық келісімшарттар және банк қаржылық делдал ретінде қатысатын келісімшарттар деп бөлінеді. Келісімшарттардың негізгі түрлері 1-ші суретте келтірілген.



Сурет 1 – Исламдық банктермен пайдаланылатын қаржылық құралдар

Ислам банкінің баланс үлгілері

Исламдық банк жүйесінде қаражаттарды тарту мен салудың негізгі екі үлгісі бар. Бірінші үлгі екіжақты мудараба деп аталады. Бұл үлгі бойынша барлық қаражаттар салымшылар, банк және қарыз алушылар арасында пайданы да, шығынды да бөлісу қағидасы негізінде тартылады және салынады. Пассивтер жағынан салымшылар депозиттері банк балансына мудараба түрінде енеді. Активтер жағынан банк, өз кезегінде, мудараба келісімшарттарын

инвестиция үшін қаражат қажет ететін кәсіпкерлер-агенттермен пайдаланады. Сонымен қатар банк қысқа мерзімді пайызсыз несиелер (кадр-аль-хасан) беруі мүмкін.

Ислам банк жүйесіндегі басқа кең таралған үлгі екісекциялы үлгі (двухсекционанная модель) болып табылады. Берілген үлгіні пайдаланғанда банк пассивтері екі бөлікке бөлінеді: бір бөлігіне талап етуге дейінгі депозиттер (олар бойынша пайда кепілдендірілген), ал екінішісіне – инвестициялық депозиттер кіреді. Талап етуге дейінгі депозиттер келісімшарт мерзімінің соңына дейін салымшыларға тиесілі деп саналады. Сәйкесінше, банктер мұндай депозиттер бойынша мүмкін болатын жоғалтуларға (бухгалтерлік мағынадағы) резервтер құруы қажет. Сонымен бірге инвестициялық депозиттер салымшылардың қатысуымен болатын тәуекелді жобаларды қаржыландыруға жұмсалады. Олар банкпен қамтамасыз етілмейді және оларға резервтік талаптар қолданылмайды.

Ислам банкінің балансының үлгілік құрылымы 2-ші суретте келтірілген.

<table>
<tr><td></td><td>Активтер</td><td>Пассивтер</td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="2">Коммерциялық банкинг</td><td rowspan="4">Активтермен қамтамасыз етілген қаржыландыру

Несиелер
(Мудараба, Мушарака)

Ақылы қызметтер
(Джуала,
Кадр-аль-хасан)</td><td>Талап етуге дейінгі депозиттер
(Амана)</td><td rowspan="2">Коммерциялық банкинг</td></tr>
<tr><td>Жинақтаушы шоттар</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Коммерциялық инвестициялық банкинг</td><td>Инвестициялық шоттар

Арнайы инвестициялық шоттар
(Мудараба, Мушарака)</td><td rowspan="2">Инвестициялық банкинг</td></tr>
<tr><td>Капитал</td></tr>
</table>

Сурет 2 – Ислам банкінің үлгілік балансы

Екінші бөлімде ислам қаржы индустриясына, яғни ислам банктерінің негізгі өнімдеріне, олардың әлемдік дағдарыс жағдайындағы ақша-несие саясатына, сондай-ақ исламдық банк жүйесінің әлем бойынша таралу масштабтарына талдау жасалады.

Исламдық банк өнімдері (қызметтері) 5 топқа топтастырылады:

1. Серіктестікке негізделген банк өнімі (немесе «пайда мен шығынды бөлу»): Мудараба және Мушарака;

2. Мәмілелерге негізделген банк өнімі (немесе «мәмілелер бойынша борыш»): Мурабаха, Иджара, Салям, Истисна, Кард Хасан;

3. Банк комиссиясын (тарифтерін) (немесе «комиссиондық» өнімдер) төлеуге негізделген банк өнімі: Вакала (аккредитив);

4. Кепілдерді қамтамасыз етуге негізделген банк өнімі: Хавала, Кафала, Рахн.

5. Ислам банкингінің депозитті өнімдері:

5.1. Ағымдағы шоттар (Вадия, Амана және Кард Хасан);

5.2. Сақтық шоттар (Вадия/Амана/ Кард Хасан немесе Мудараба);

5.3. Инвестициялық шоттар (Мудараба).

6. Ислам банк қызметтерінің басқа да түрлері (брокерлік қызметтер, ақшалай аударымдар, валюталық операциялар).

Дәстүрлі банктерге қарағанда, әлемдік қаржы дағдарысы исламдық банктерге тиген жоқ. Одан басқа, өзінің дамуының барлық кезеңінде ислам қаржы жүйесі бірде-бір дағдарысты басынан кешірген емес. Еуропада исламдық қаржыландыру 1978ж. бастап дамып келеді. Осылайша, бүгінгі күні Ұлыбританиядағы исламдық банктер саны 23 болса, Швейцарияда – 5, ал Люксембург пен Францияда 4 банктен бар.

Банк жүйесі толығымен ислам нормаларына сай елдердегі ақша-несие саясатын жүргізу белгілі бір қиындықтарға ұшырайды. Пайыз мөлшерлемесін пайдаланатын келісімшарттарға шариатпен тыйым салынатындықтан, кәдімгі орталық банктермен ұсынылатын қайта қаржыландыру қызметтері ислам қаржы институттары үшін мүмкіндігі шектелген. Мұндай жағдайда ақша-несие саясатын жүзеге асыру механизмдерін өңдеу міндеті анағұрлым қиын болды. Исламдық банктердің сәтті қызметі клиенттерге индивидуалды көзқарас және тәуекелдерді әлдеқайда сапалы бағалауда түйінделеді.

Ислам банк жүйесін талдауда пайда болатын аса маңызды мәселелердің бірі – бүкіл сала бойынша нақты статистикалық ақпараттың жоқтығы. Ислам банк жүйесіне қатысты ақпараттың жалғыз ресми көзі болып «Council For Islamic Banks and Financial Institutions» (CIBAFI) табылады. Есепте көрсетілген мәліметтерге сәйкес 2009ж. 38 әлем елдерінде шамамен 400 исламдық қаржылық ұйымдар қызмет еткен. Олардың активтері 700 млрд.долл. құрады. Бірақ келтірілген статистикада кәдімгі банктермен ашылатын исламдық банктік «терезелердің» операциялары, сондай-ақ банктік емес қаржылық ұйымдардың, такафул және инвестициялық компаниялардың операциялары ескерілмеген. Жекелей алғанда CIBAFI бағалауы бойынша, кәдімгі банктердегі мамандандырылған исламдық терезелердің операциялар көлемі 2009ж. 300 млрд.долл. жеткен.

IRTI (Islamic Research & Training Institution) жүргізген зерттеулер бойынша Исламдық Даму Банкіне (ИДБ) қатысушы-елдердің қор нарығындағы компаниялардың маңызды бөлігі ислам нормаларына сәйкес қызмет көрсетеді. Тәуекелдерді басқару мен нарық инфрақұрылымының исламдық технологияларының дамуы келешекте бұл сегменттің қор нарығындағы позициясын бекітуге мүмкіндік жасауы мүмкін.

Такафул (исламдық сақтандыру) операцияларының көлемі туралы нақты мәліметтер жоқ болса да, IRTI мәліметтері бойынша, 2009ж. әлем бойынша мұндай операцияларды жүргізген 90 компания тіркелген. Сонымен бірге, 1996 жылдан бастап берілген саланың орташа жылдық өсімі 63% құрады. Такафул компанияларын операторларымен тіркелген сақтандыру жарналарының брутто-мөлшерлемелері 5 млрд. АҚШ долларына бағаланды.



Сурет 3 – Әлем бойынша исламдық қаржыландыру активтері

Соңғы бес жылда банктік емес қаржы мекемелері жылдам өсімді көрсетті. Бірқатар елдердегі басты ислам қаржы өнімдерін ұсынушылар банктік емес мекемелер ретінде тіркелген. Банктік және такафул компанияларының көп бөлігі Бахрейн, Малайзия мен Суданда жинақталған. Инвестициялық пайлық қорлардың айтарлықтай бөлігі Сауд Арабиясы мен Малайзия нарықтарында жиынтықталған.

Осылайша, біз, қазіргі уақытта исламдық қаржылық институттар әлемдік қаржылық жүйеде үлкен рөл ойнай бастағанын көрсеттік. Сонымен бірге, дәстүрлі исламдық қаржылық өнімдер кәдімгі банктермен де ұсыныла алатындай бейімделуі мүмкін.

Оған қарамастан, көп жағдайларда, исламдық банктердің дәстүрлі банктік нарықтарға шығуы банктердің өздерінің бейімделуімен және банктік қызметті заңдық реттеумен байланысты белгілі бір қиындықтармен бірге жүреді.

Магистрлық жұмыстың үшінші бөлімінің мақсаты ислам қаржы институттарын дәстүрлі қаржы нарықтарына енгізуде пайда болатын негізгі мәселерді ашып көрсету болып табылады.

Ең алдымен, исламдық банктердің дәстүрлі қаржы нарығында пайда болу алдында орындалуы қажетті алғышарттарды қарастырамыз.



Сурет 4 – Ислам қаржылық институттарын енгізудің алғышарттары

Содан кейін ислам қаржы секторы дамуының негізгі кезеңдері қарастырылады. Әртүрлі елдерде ислам банкингін құру процесі экономика ерекшеліктеріне және мемлекеттің қандай да бір институционалды ортасына сәйкес жүреді. Сонымен бірге барлық жағдайларда ислам қаржылық институттарының пайда болуы мен дамуы ортақ сипаттамаларға ие екенін ұмытпаған жөн. Ислам банкингі құрылу процесін шартты түрде 3 деңгейге бөлуге болады.

1) жеке исламдық қаржылық өнімдерді ұсыну жүзеге асырылатын алғашқы деңгей;

2) толығымен исламдық болып табылатын банктерді лицензиялау;

3) банктік емес исламдық қаржылық институттардың дамуы, ұсынылатын исламдық қаржылық өнімдердің ассортиментінің кеңеюі.



Сурет 5 – Исламдық қаржылық институттарды енгізудің деңгейлері

Сондай-ақ ислам банктерінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті қаржылық инфрақұрылымын құру сұрақтары қарастырылады.

Сурет 6 – Ислам банкингінің дамуына қажетті инфрақұрылымды құру

Банктік жүйенің сәйкес қызмет етуі үшін банктік жүйенің қалыпты қызметін қамтамасыз ететін белгілі бір инфрақұрылымның болуы қажет. Берілген бөлімде осы мәселенің негізгі 4 аспектісі қаралады: банктік салымдарды сақтандыру, банкаралық несиелеу нарығы, банктік жүйенің өтімділігін басқару құралы ретіндегі мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы, сондай-ақ қадағалаушы органдар рөлі.

Жалпы алғанда исламдық банктердің дәстүрлі банктік жүйелерде қызмет етуі үшін жағдай құру олардың тиімділігі мен мұсылман-клиенттердің қанағаттандырылу өсімін жоғарылатуы мүмкін. Одан басқа, мұсылмандарды коммерциялық банктер клиенттері ретінде тарту (егер олар бұрын банктік қаржылық қызметтермен пайдаланбаса) банктерге пайда алудың қосымша мүмкіндіктерін туғызуы мүмкін. Сонымен бірге исламдық банктердің дәстүрлі банктік жүйелерде пайда болуы клиенттердің кәдімгі банктерден исламдыққа ағылуын, сонымен қатар банктік операцияларды жүзеге асырудағы транзакциялық шығындардың өсуіне әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда қаржылық жүйенің исламдандырылуын жүргізбеген жөн.

Қорытынды

Бүгінде әлем елдерін ипотекалық несиеден бастау алған қаржы дағдарысы созылмалы экономикалық тығырыққа тірегені жапатармағай жазылып, дуалы ауыздар тарапынан талданып жатыр. Шынтуайтына келгенде, бұл дағдарыстың негізгі себебі экономикада жатқан жоқ, оның түп - төркіні соңғы бес – алты ғасырда әлем өркениетінің даму бағытын айқындап келген материалистік көзқарастың дүниетанымы ретінде өзін-өзі жоққа шығаруында.

Ғылыми – техникалық ілгерілеу дәуірі адамзатқа орасан зор жетістіктер, сондай-ақ орыны толмас зардаптар «сыйлаған» жиырмасыншы ғасырдың белді ойшылдары заттай игіліктердің молаюы арқасында Батыс жарты шарында

қалың көпшіліктің дүние – мүлік соңына шам алып түсуін сынап, мұның арты жақсылыққа апармайды, деп ашық айтқан болатын. Шағын ғана шаруасы бар орта тап өкілдерінің тұтынушылық дүрмегіне еруіне батыстың экономика ілімі, соның ішінде «сауда қозғалтқышы» саналған маркетинг сияқты білім саласы себепкер болды деп санауға негіз бар. Несиеге өмір сүруге дағдыланған дамыған елдер тұрғындары банктер мен өзге де қаржы мекемелерінің өркендеуіне жол ашты. Олар «ақшадан – ақша» жасады, ал материалдық игіліктермен қамсыздандырылмаған сабан ақша сабын көпіршігі сияқты қампия келіп, енді – енді жарылуға шақ тұрған жағдайы бар. Осы ахуалға ой жүгірткен ғалымдар мен талдамашылар алдағы бес – алты жылда әлемдегі экономикалық саясат түбегейлі өзгеріп, жаңа қаржы жүйесі өмірге келеді деген пікір білдіруде.

Ислам қаржы жүйесінің қазіргі басым экономикалық модельден негізгі айырмашылығы қарыз пайызының болмауында. Өйткені, бұл жүйенің басты мақсаты пайда табу емес, қоғамның және жеке адамның қажетін өтеу, соған қызмет ету. Осы тұжырымның ақиқаттығына әлемдегі, сондай-ақ ТМД елдері мен Қазақстандағы соңғы экономикалық оқиғалар куә болып отыр. Ғаламатордан алынған қысқа хабардағы мынадай жолдар да сөзімізді қуаттай түседі. Үзіндіні толықтай келтіре кетелік. «Қазақстандық банкирлердің несие дағдарысынан кейінгі бір жылды сараптауға арналған басқосуында әлемдік қаржы дағдарысы ислам банктерінің өтімділігіне еш әсер етпегені белгілі болды. Мұсылман елдеріндегі қаржы жүйесін зерттеген бірнеше қазақ банктері биылғы жылдың аяғына қарай шариат жолымен жалпы жұртқа қызмет көрсетуді бастамақ».

Өз қаражаттарын дәстүрлі банктерге тапсыруға дайын емес мұсылман халқы көп және дәстүрлі банк қызметтерін пайдаланбайтын кәсіпкер – мұсылмандар саны айтарлықтай баршылық мемлекеттерде ислам қаржылық институттарының дамуы қаржылық нарықтың тиімділігін жоғарылатуға және оның дамуын тездетуге мүмкіндік береді.

Ислам банктерінің АҚШ пен Батыс Еуропада дамуы ерте немесе кеш сәйкес қаржылық институттардың біздің елде де пайда болатынын топшылауға мүмкіндік туғызады.

Қазақстан да исламдық қаржыландыру аясында алғашқы қадамдар жасауда. Негізгі қиыншылықтар болып шариат заңдарымен үйлеспейтін ұлттық заң жүйесі және инстуционалды қалыптасқан мемлекеттік менталитет табылады. Бірақ, Қазақстан мұндай өнімдер енгізіліп жатқан бірінші мемлекет емес екенін атап өткен жөн. Бізге көптеген жағдайларда исламдық банктер табысты қызмет етіп жатқан Ұлыбритания мен Франция сияқты елдердің тәжірибесін алуға болады. Ислам банкингін Қазақстанға енгізудің кедергілеріне келетін болсақ, ең алдымен, исламдық транзакциялардың есебі мен реттеу сұрақтары, екіншіден, салық салу мәселесі, себебі шариат бойынша салық салу мәселесі реттелмеген. Егер исламдық банктер тәжірибесіне қараса, онда олар көптеген транзакцияларды арнайы құрылған компаниялар арқылы жүргізеді, мысалы Голландияда. Ислам банкингінің бүкіл әлем мен Қазақстандағы

дамуына қарай шариат заңдарына сәйкес өнімдер дәстүрлі банктік өнімдермен салыстырғанда бәсекеқабілетті болып келе жатыр.

Жоғарыда көрсеткенімдей, ислам қаржы институттарының қызмет етуі заңнамаға өзгерістер енгізу қажеттілігімен байланысты, сондай-ақ ақша – несие саясатын жүргізу мен қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуді қиындатады. Мұндай жағдайда, ислам қаржылық институттарының қызмет ету ерекшеліктерін және олардың ұлттық қаржы жүйесіне әкелетін тәуекелдерін білу қажет.

Осылайша, біз, қазіргі уақытта исламдық қаржылық институттар әлемдік қаржылық жүйеде үлкен рөл ойнай бастағанын көрсеттік. Сонымен бірге, дәстүрлі исламдық қаржылық өнімдер кәдімгі банктермен де ұсыныла алатындай бейімделуі мүмкін. Оған қарамастан, көп жағдайларда, исламдық банктердің дәстүрлі банктік нарықтарға шығуы банктердің өздерінің бейімделуімен және банктік қызметті заңдық реттеумен байланысты белгілі бір қиындықтармен бірге жүреді.

Сонымен, аяққы үш онжылдықта исламдық банктер әлемдік қаржы жүйесінде өз орнын алды. Сонымен бірге біртіндеп исламдық қаржылық институттар кәдімгі қаржы жүйелеріне де енуде. Берілген тренд тіпті дегенде орта мерзімді келешекте энергия тасымалдаушылар бағасының арықарайғы өсімі, мұсылмандық елдердің қаржылық нарығының дамуы, сондай-ақ ірі батыс компанияларының мұсылман елдерінен аккумуляцияланған капитал үшін өзара бәсекелестігі салдарынан жалғасы береді. Сонымен бірге, исламдық қаржылық қызметтер секторының салыстырмалы түрде жылдам өсіміне қарамастан, мемлекеттік билік органдары мен экономикалық агенттер әлі күнге дейін дәстүрлі және ислам қаржылық жүйелерінің бірге өмір сүруі қаншалықты мүмкін екендігін білмейді.

Ислам қаржылық институттарының арықарайғы даму деңгейі бойынша ақша – несиелік реттеу мен қадағалау органдары алдында берілген ұйымдардың мемлекеттің қаржы жүйесіне интеграциясы міндеті туады. Жалпы алғанда қаржылық жүйенің даму тұрақтылығын қамтамасыз етуде сай заңнамалық базаны қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге исламдық қаржылық ұйымдардың қаржыландырылуы үшін қажет сәйкес банктік инфрақұрылымды қамтамасыз ету қажет. Жоғарыда айтылғанның барлығы қаржылық жүйенің исламдандырылуы қажеттілігін білдірмейтіндігін атап өткен жөн. Бірақ исламдық қаржылық институттардың қаржылық жүйенің статистикалық маңызды бөлігі болу көлеміне қарай олардың дамуын реттеу мен тұрақтылығын қолдау қаржылық реттеушілердің міндетті мақсаты болып табылады.

Замана желінің өтінде қалған Батыстың қаржы – несие жүйесіне балама ретінде ислам банк құралдарын қолдану идеясын мұсылманшылықтың жалпы өрлеуімен, оның жаңа тарихи жағдайларда өркен жаюымен тығыз бірлікте қарастыруымыз қажет. Әлемдік экономика мен әлеуметтің келешегі – адамгершілік мұраттарға негізделуінде, ислам жүйесінде бұған қажетті алғышарттардың барлығы да көрініс тапқан.

Резюме

Базбиева Арай Аманбековна

ИСЛАМСКИЕ БАНКИ В СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ МУСУЛЬМАНСКИХ СТРАН

Реферат диссертации на соискание академической степени магистра экономических наук по специальности 6N0508 – «Учет и аудит»

Актуальность темы исследования обусловлена необходимостью всестороннего изучения исламских банков, проведения анализа различных факторов, определяющих сложные процессы исламизации экономики мусульманских стран в контексте проблемы взаимосвязи религии и экономики выявления новых тенденций современных МЭО. Актуальность и важность данной темы определяется такими непереходящими факторами, какими являются географическая близость и торгово-экономические отношения со странами Ближнего Востока. В настоящий момент тема диссертации актуальна непосредственно в связи с появлением подобных финансовых институтов на территории Казахстана.

Объекты исследования – основные теоретические аспекты и продукты исламского банковского дела, масштабы его распространения по миру и основные проблемы появления исламских финансовых институтов на традиционных финансовых рынках.

Цели и задачи исследования - целью данной работы является описание основных принципов функционирования исламской финансовой системы, а также последствий появления исламских финансовых институтов на традиционных финансовых рынках. Для осуществления этой цели в диссертации решаются следующие задачи:

- рассмотреть историю возникновения и развития исламского банковского дела, а также основные теоретические аспекты исламского финансирования;
- произвести анализ основных продуктов исламских банков и масштабов распространения исламской финансовой индустрии по миру;
- рассмотреть необходимые предпосылки, которые должны быть выполнены перед появлением исламских банков в традиционной финансовой системе;
- определить основные стадии развития исламского финансового сектора;
- рассмотреть роль надзорных органов в регулировании исламских финансовых институтов и вопросы создания финансовой инфраструктуры, необходимой для нормального функционирования исламских банков.

Методология и методы исследования. Методологическую основу работы составили в первую очередь имеющие практическую и научную ценность исследования ряда отечественных экономистов по исламской этике бизнеса и ученых востоковедов по исламу, а также труды зарубежных, в том

числе арабских специалистов по проблемам исламского банковского дела. Поскольку рассматриваемая тематика тесно сопряжена с общими проблемами становления и развития банковского дела, с теми трудностями, с которыми сталкиваются исламские банки, конкурируя с обычными банками, то при рассмотрении вопросов сравнительного анализа и сотрудничества исламских и западных банков использованы и некоторые общепризнанные теоретические и проверенные на практике исследования в этой области.

Научная новизна исследования:

В конце 2007 г. мировую экономику охватил глобальный финансовый кризис, продемонстрировавший недостатки традиционной модели финансовой системы. Одним из недостатков этой модели является необоснованное взимание постоянно растущего процента. За счет взимания сложного процента денежное состояние неуклонно увеличивается через регулярные промежутки времени, демонстрируя экспоненциальную динамику роста. В то же время производство товаров и услуг не обладает соответствующим интенсивным темпом ростом. Подобный дисбаланс в мировых масштабах привел, в конечном итоге, к катастрофическим последствиям в виде глобального финансового кризиса. И поэтому научная новизна данной работы обусловлена, главным образом, рассмотрением исламского банкинга как альтернативной системы в период мирового кризиса.

Основные положения, выносимые на защиту:

- Учитывая исторически сложившуюся ситуацию развития ислама в РК, где 2/3 населения являются этническими мусульманами, а также опыт и показатели роста популярности исламского банкинга в странах Европы (в том числе среди не мусульман), можно с достаточной долей уверенности спрогнозировать высокий спрос на продукты исламского финансирования.

- В настоящее время в мире исламская банковская система – наиболее развивающаяся отрасль экономики не только в исламских странах, но и в светских государствах в различных частях света. Развитие исламского финансирования в РК позволит диверсифицировать экономику, снизить риски и повысить устойчивость финансовой системы страны.

- Для успешного становления и развития исламской финансовой системы является целесообразным создание и развитие института исламского банкинга в Казахстане.

Научно-практическая значимость исследования: Практическое значение данной работы определяется возможностью использования ее положений, выводов и рекомендаций при подготовке аналитических материалов и практических мероприятий в целях более полного обеспечения казахстанских экномических интересов. Ознакомление с некоторыми аспектами функционирования исламских банков будет полезным для понимания принципов их работы, выяснения основных направлений их деятельности, возможностей для сотрудничества этих банков на территории Казахстана.

Summary

Aray A.Bazbiyeva

ISLAMIC BANKS IN THE SOCIAL-ECONOMIC STRUCTURE OF THE MUSLIM COUNTRIES

Summary of thesis for the academic degree of Master of economic sciences, specialty 6N0508 - «Accounting and audit»

Relevance of research topic due to the need for a comprehensive examination of Islamic banks, analyzing the various factors determining the complex processes of Islamization of the economy of Muslim countries in the context of the relationship of religion and economics to identify new trends in contemporary ERI. The relevance and importance of the topic is determined by such factors, what are the geographical proximity and economic and trade relations with countries of the Middle East. At present thesis directly relevant to the emergence of such financial institutions on the territory of Kazakhstan.

Objects of research - the basic theoretical aspects and products of Islamic banking, the extent of its spread around the world and the main problems appear Islamic financial institutions in the traditional financial markets.

The aims and objectives of the study - the aim of this paper is to describe the basic principles of operation of the Islamic financial system, as well as the consequences appearance of Islamic financial institutions in the traditional financial markets. To this end, the thesis addresses the following tasks:

- Consider the history of the emergence and development of Islamic banking, as well as the basic theoretical aspects of Islamic finance;
- Conduct an analysis of the main products of Islamic banks and the spread of the Islamic financial industry to the world;
- To consider the necessary prerequisites that must be met before the advent of Islamic banks in the traditional financial system;
- Identify the main stages of development of Islamic financial sector;
- Examine the role of oversight bodies in the regulation of Islamic financial institutions and the creation of financial infrastructure necessary for the normal functioning of Islamic banks.

Methodology and research methods. The methodological basis of work were primarily of practical and scientific value of research of a number of domestic economists on Islamic business ethics and scholars on Islam, Orientalists, and the works of international, including Arab experts on Islamic banking. Since this topic closely related to the general problems of formation and development of banking, the difficulties faced by Islamic banks to compete with conventional banks, then when considering the comparative analysis and cooperation of the Islamic and Western banks are used and some generally accepted theory and proven research in this area.

Scientific novelty of the study:

In late 2007, the global economy gripped the global financial crisis, which has demonstrated the shortcomings of traditional models of the financial system. One of

the drawbacks of this model is a collection of unreasonable growing interest. By charging compound interest money the state has steadily increased at regular intervals, demonstrating the exponential growth dynamics. At the same time, the production of goods and services do not possess the corresponding intensive pace of growth. Such an imbalance in the global scale has led, ultimately, have disastrous consequences in the form of the global financial crisis. And so the scientific novelty of this work is due, mainly, considering the Islamic banking as an alternative system during the global crisis.

The main provisions for the defense:

- Given the historical situation of Islam in Kazakhstan, where 2 / 3 of the population are ethnic Muslims, as well as experience and growth of popularity of Islamic banking in European countries (including among non-Muslims), it is possible with enough confidence to predict a high demand for products Islamic finance.

- Currently the world's Islamic banking system - the most growing sector of the economy not only in Islamic countries, but also in secular countries in different parts of the world. The development of Islamic finance in the Republic of Kazakhstan to diversify the economy, reduce risks and increase the stability of the financial system.

- For the successful establishment and development of Islamic financial system is necessary to create and develop the Institute of Islamic Banking in Kazakhstan.

Scientific and practical significance of the study: The practical significance of this work depends on the possibility of its provisions, findings and recommendations in the preparation of analytical materials and practical activities in order to better ensure the Kazakh economic interests. Introduction to some aspects of the functioning of Islamic banks would be useful for understanding how they work, determine the main directions of their activities, opportunities for cooperation between the banks on the territory of Kazakhstan.